



**Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**Тақырып: Балалардағы анамнез жинау  
ерекшеліктері және ауру тарихын толтыру.**

**Қабылдаған: Иманбетова Қ.А  
Орындаған: Бектұрсынова А  
Тобы: ЖМ-434**

**Түркістан-2017ж.**



# ЖОСПАРЫ:

**Кіріспе.**

**Негізгі бөлім.**

Науқастың шағымдары

Anamnesis morbi

Anamnesis vitae

Эпиданамнез

Аллергоанамнез

Жалпы қарау

**Қорытынды.**

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**



# Мақсаты:


1. Балалардағы анамнез жинау ерекшеліктерін;
2. Ауру тарихын толтыру реттілігін;
3. Ауру тарихын толтыру ережесін түсіндіру.



# **Кіріспе.**

## **Баланы тексеру ерекшеліктері**

- Баланы тексеру кезінде педиатрлар ересек адамдарды тексеруге қолданылатын барлық тәсілдер қолданылады. Бірақ тексеру нәтижелі болу үшін баламен тіл таба білу және кейбір арнайы тексеру әдістерін жүргізе алу керек. Дені сау және науқас балаларды тексеру сұрастыру және тікелей зерттеуден тұрады. Сұрастыру арқылы паспорттық мәліметтер, өмір тарихы, аурудың даму тарихы анықталады.**



# Негізгі бөлім

## Педиатриядағы анамнез жинау ерекшеліктері

1	<b>Жас балаларда анамнез анасының айтуымен жиналады. Баланы ойыншықпен, әңгімемен алдап тексеру жүргізу керек. Ұнамсыз әрекетті соңына қалдыру.</b>
2	<b>Ересек балалар ауру белгісін айтуы мүмкін, бірақ оларға сұрақ беру арқылы ауру белгілерін бір бағытқа келтіруге болады</b>
3	<b>Жас балалар анамнезінде өмір тарихына баса назар аударылады</b>
4	<b>Аурудың клиникалық белгісі баланың жасы мен жағдайына байланысты</b>

# *Балалардағы ауру тарихын толтыру үлгісі*

## **Паспорттық бөлім**

- Аты-жөні.
- Тұрақты мекен жайы, телефон.
- Ата-анасының аты жөні жұмыс орны, қызметі.
- Баратын мектебі, балалар бақшасы немесе үйде тәрбиеленеді.
- Мектептің бала бақшаның мекен жайы, телефоны.
- Емдеу мекемесіне түскен күні.
- Болжам диагноз.
- Клиникалық диагноз.
- Қорытынды диагноз.
- Асқынулары.
- Қосалқы аурулары.

Аурудың нәтижесі: толығымен сауығу, жақсару, өзгеріссіз, нашарлау

## *Аурудың шағымдары.*

**Шағым** деп науқастың өзі сезінетін аурулық сезімді айтады. Шағымдар негізгі және қосымша болып екіге бөлінеді

### Негізгі

- 
- Әр мүшенің (жүйенің) патологиясына тән болады. Мысалы, тыныс мүшелерінің ауруына тән негізгі шағымдар : Жөтел, қақырық тастау, еңтігу және т.б.

### Қосымша а

- Қосымша шағымдарға: Әлсіздік, делсалдық, тершендік, ұйқысының бұзылуы және т.б. жатады.

# Anamnesis morbi



- Бала осы аурумен алғашқыда қандай жағдайда ауырды. Аурудың басталуына қандай әсерлер себебін тигізді (жүйкелік зақымдалу, физикалық және ойлық шаршау, инфекция, тоңазу және т.б.). Аурудың басталуы: жедел, біртіндеп. Аурудың даму барысы (жүйелігі, күшейуі, өзгерістері, өзгешеліктерінің әлсіреуі, белгілерінің жойылуы, жаңаларынан пайда болуы). Бұрынғы (үйде) жасалған емдік шаралар және олардың тиімділігі.



# Anamnesis vitae:

1

• Бала нешінші жүктіліктен туылған

2

• Босанудың барысы

3

• Нәрестелік кездегі ауырған аурулары

4

• Қоректендіру, баланың жүйке-іс әрекетінің дамуы

5

• Баланың дене дамуы

6

• Ауырған науқастары

7

• Отбасы жағдайлары

8

• Баланың күтімі

# *Отбасылық анамнез*

1. Ата – анасының, апасының, атасының аға — апкелерінің денсаулығы.
2. Отбасындағы зиянды әдеттер.
3. Тұқым қуалаушылық ауруларға күмәнданған кезде генетикалық анамнез жиналады.
4. Отбасындағы басқада балалар саны және олардың денсаулығы. Егер балалар өлген болса, өлім себептерін көрсету.
5. Тұрмыстық – материалдық жағдайы: тұрғын үйінің көлемі мен сипаттамасы, баланы кім қарайды, гигиеналық талаптар сақтала ма, күн тәртібі, тамақтану тәртібі сақтала ма, мектеп жасындағыларда спортпен шұғылдана ма деген сұрақтар қойылады.

# АЛЛЕРГОАНАМНЕЗ



- Ата – анасында, жақын туысқандарында аллергиялық аурулар бар ма ( поллиноз, бронхиальды астма, экзема)
- Ауру белгілерінің жыл маусымымен, тәулік уақытымен, тұрмыстық, эпидермальды және өсімдік шаң тозаң аллергендермен байланысты болу. Егулерге реакция болды ма
- Дәрілерге және тағамдарға аллергиясы бар ма

# ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АНАМНЕЗІ:



- Жұқпалы және туберкулез ауруларымен науқас адамдармен қарым-қатынасы. Алдын ала туберкулезге, көкжөтелге, күлге, полиомиелитке, қызылшаға және басқа ауруларға қарсы егу.

# Об'єктивті зерттеу



## *Антропометрия қорытындысы.*

Салмағы

дене ұзындығы

басының  
мөлшері

кеудесінің  
өлшемі

*Баланың жалпы жағдайы (қанағаттанарлық, орташа ауырлықта, ауыр, өте ауыр)*

Науқастың төсектегі күйі қандай (белсенді, енжар, мәжбүрлік жағдай).

Науқастың есі ( анық, анық емес, есі жоқ) Қараған кездегі реакциясы.

Дене бітімі  
(пропорциональды,  
пропорциональды емес).



*Терісі мен көзге көрінетін шырышты қабаттар жағдайы, геморрагиялар, бөртпе, қасыну іздері, қалы, депигментация, ісінулер және олардың таралуы, мәрмәрлігі. Ауыз, ерін, көздің шырышты қабаттарының түсі. Шашы. Тырнағы.*

*Тері асты май қабаты: ішінде, арқасында, жоғарғы және төменгі бөліктерде тері бүктемесінің қалыңдығы.*




✓ *Тыныс алу жүйесі.*

Мұрын, ауыз арқылы тыныс алуы еркін, қиындаған, типі (шулы, сырылды), мұрыннан болған бөліністер мен қан кетулер.

Дауысы (қатты, әлсіз, жоқ), жөтел, қақырық.

1 минуттағы тыныс алу жиілігі.

Пальпация әдісімен дауыс дірілін анықтайды. Өкпенің салыстырмалы және топографиялық перкуссиясы: перкуторлық дыбыстың анықтығы, коробка тәрізді, қысқаруы, тығыз, тимпанит; өкпенің бұғана ортаңғы, қолтық ортаңғы, жауырын ортаңғы сызық бойынша шекарасы. Тыныс алу аускультативті анықталады



# АСҚОРЫТУ ЖҮЙЕСІ.

1

- **Тәбеті** - жақсы, төмен, жоғары, таңдамалы, бұрмаланған. Шөл, аузының құрғауы, сілекейінің ағуы. Жұтынғанда төс тұсының ауруы. Лоқсу, құсу, немен байланысты. Құсықтың сипаты. Жүрегінің айнуының ішкен тамағымен, аурумен байланыстылығы, ұзақтығы, құсуға жалғаса ма.

2

- **Кекіріу** - ауамен, ащы, шіріген, жұмыртқа иісті.
- Қыжылдау - ішкен тамақпен байланыстылығы, не жеңілдетеді. Іштің ауруы, ауыратын жері, тамақпен, денеге салмақ түсумен байланысы; иррадиациясы, үлкен дәретке отыруымен байланыстылығы.

3

- **Ішінің кебуі** - газ шығуы, нәжісі: ретімен, ретсіз, қатуы, іштің өтуі: тәулігіне неше рет, тамақтың түріне байланыстылығы, байқалатын мезгілі, нәтижесіз дәретке отырғысы келу

4

- **Нәжістің түсі** (қоңыр, ақшыл, жасыл, қара), қан араласқан (ашық қызыл, қара, бетінде орналасқан, араласып кеткен), кілегей, ірің, тамақ қалдығы араласқан. Ішек құрттары байқалама? Көтеншектің тесігінің айналасы қыши ма, нәжіске отырғанда ауыра ма, тік ішектің айналуы.

# ЗӘР ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІ.

- Түзге шығу жиілігі, ауырсынуы, түнде немесе күндіз зәр тоқтамауы байқалмай ма, зәрдің мөлшері. Іштің және белдің ауруы, олардың сипаты, иррадиациясы, ұзақтығы. Ісіну, пайда болған жері. Зәрдің түсі (ақшыл сары, қара қоңыр, сары, «еттің жуындысы» түстес), зәрдің көбігінің түсі, тұнбасының түрі.





- **ЭНДОКРИН ЖҮЙЕСІ:** шаштың дамуы (шектен тыс және жынысына сәйкес емес жерлерде дамыған, шашының түсуі, оның қаттылығы). Терінің өзгеруі (шектен тыс тершендігі немесе құрғақтығы, дөрекіленуі, стрия (тілінулер). Дене салмағының өзгеруі (семіру, арықтау). Тері асты шел майының орналасу ерекшеліктері. Дене ұзындығының, дене пішімінің, дене пропорциясының өзгеруі. Алғашқы және екінші жыныстық белгілерінің дамуы.
- **НЕРВ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ СЕЗІМ МҮШЕЛЕРІ:** Тәртібінің ерекшеліктері. Көңіл-күйі (эмоционалдық тонус), тітіркендіргіштігі. Ұйқысының ерекшеліктері (ұйықтап кетуі, ұйқы тереңдігі, тынышсыз ұйқы, түнгі қорқыныштар, ұйқылы-ояу жүру). Сөйлеуінің дамуы, кекештенуі. Басының ауруы, айналуы, тырысу, қай жастан басталады, сипаты. Жағымсыз әдеттері (тырнағын жеу, стереотипті қимылдар, онанизм). Естуі, көруі, иіс сезуі. Мектепте шаршауы, үлгерімі.

# Қорытынды

- **Қорытындылай келе ауру жайында сұрастырудың маңызы өте үлкен болады. Себебі сұрастыру болжам диагноз қою үшін өте маңызды. Яғни қандай зерттеу әдісін қолдану керектігін көп жағдайда сұрастыруға қараймыз**

# Пайдаланылган әдебиет

- Балалар аурулары Б.Түсіпқалиев, Ақтөбе – 2014ж.
- Балалар аурулары Баймуганбетова
- *Володин Н.Н.* Новые технологии в решении проблем перинатальной медицины // Педиатрия. 2004. №3.
- *Дементьева Г.Н., Рюмина И.И., Фролова М.И.* Выхаживание глубоконедоношенных детей. Современное состояние проблемы // Педиатрия. 2004. №3. С. 60.
- *Яцык Г.В.* Алгоритмы диагностики, лечения и реабилитации перинатальной патологии маловесных детей. М., 2002.
- Интернет желісі.

